

Бекей ордасы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 13-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 5046 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 23-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихатының 29.12.2018 № 23-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарына сәйкес Бекей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бекей ордасы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Бекей ордасы аудандық мәслихаты аппаратының басшысына (А.Хайруллин) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

A. Түсіпқалиева

Мәслихат хатшысы

E. Тақатов

2017 жылғы 29 желтоқсандағы

№13-7

Бекей ордасы аудандық

мәслихатының

шешімімен бекітілді

Бекей ордасы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Бекей ордасы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар

туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 сәуір 2017 жылы №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 15 мамыр 2015 жылы №11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) осы жоспардың 1 қосымшасына сәйкес;

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары осы жоспардың 2 қосымшасына сәйкес;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы осы жоспардың 3 қосымшасына сәйкес;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы осы жоспардың 4 қосымшасына сәйкес;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы осы жоспардың 5 қосымшасына сәйкес;

6) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы осы жоспардың 6 қосымшасына сәйкес;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі осы жоспардың 7 қосымшасына сәйкес;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жастоптары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдан өтүге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Бөкей ордасы ауданында 7 ауылдық округтер, 22 ауылдық елді - мекендер орналасқан.

Бөкей ордасы ауданының жалпы көлемі 1 921 445 га, оның ішінде жайылымдық жерлер – 495 536 га, суармалары жерлер – 450 075 га.

Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 500 281 га;
елді мекен жерлері – 142 686 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 1 738 га;

кордағы жерлер – 316 727 га.

Ауданың климаттық зонасы күртконтиненталды, қысы салыстырмалы салқын, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қантар айында – -16; -38°C, шілде айында – +25; +37°C. Жауынның орташа түсімі 28 мм, ал жылдық 210 мм.

Ауданың өсімдік жамылғысы әртүрлі, шамамен қоса алғанда 120 түрлері. Олардың ішінде ең көп тараған түрі ақ селеу және жусан шөптері.

Топырағы қызылқоныр, онтүстікте сортаң топырақты жерлер кездеседі. Топырақтың құнарлы қабаттың қалындығы 35-40 см.

Ауданда 7 мал дәрігерлік пункті, 22 мал қорымдары бар, 3 мал сою орыны және 1 сібір жарасының көміндісі бар.

Қазіргі уақытта Бөкей ордасы ауданында мүйізді ірі қара 61 689 бас, ұсақ мал 110 915 бас, 21 286 бас жылқы, 1 171 бас түйе саналады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын қамтамасыз ету үшін Бөкей ордасы ауданы бойынша барлығы 1 376 444 га жайылымдық алқаптары бар. Елді - мекен

шегіндегі жайылымдары 133 767 га жайылым саналады, қордағы жерлерде 246 471 га жайылымдық алқаптар бар.


Ауданның кейбір ауылдық округтерінде жеке шаруашылықтардағы мал басының өсуіне байланысты 118 603,7 га жайылымдық алқаптардың жетіспеушілігі байқалады, сонымен қатар, шаруа қожалықтарына қосымша 325 312,1 га, барлығы 443 915,8 га жайылымдық алқаптар қажет.

Бұл мәселелерді шешу үшін-мемлекеттік қордан жайылымдық алқаптарды ұтымды бөлу және елді мекен, ауыл шаруашылық мақсатындағы және Бөкей ордасы ауданының қордағы жерлерінен бөлу есебінен ұлғайту қажет.

Сонымен бірге, ветеринариялық–санитарлық объектілермен қамтамасыз ету үшін Бисен ауылдық округінде мал сою орындары құрылышын жоспарлау, Бисен, Ұялы, Т.Масин ауылдық округтерінде мал қорымдары пункттерінің құрылыштарын салу жұмыстарын жоспарлау.


Бөкей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 1 қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің
меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық
бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Бекей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 2 қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




Бөкей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға З қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы
және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым
объектілері белгіленген картасы**




Бөкей ордасы ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 4 қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Бөкей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 5 қосымша

**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл
шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін
жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру
схемасы**



Бекей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 6 қосымша

**Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында
орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе)
заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын
шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**



Бөкей ордасы ауданы бойынша
2018-2019 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарға 7 қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округ атауы	Шалғай жайылымға малдардың айдалап шығарылу мерзімі	Шалғай жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Бисен	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	
2	Ұялы	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	
3	Т.Масин	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	
4	Муратсай	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	
5	Орда	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	

6	Сайқын	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	
7	Саралжын	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазан екінші онкүндігі	

Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы топырақтық-климаттық аймақ зонасына байланысты, ауыл шаруашылығы жануарлар түріне, сондай-ақ жайылым өнімділігіне байланысты біркелкі құрғақ - селеулі - бетегелі –жусанды далада 180-200 күнді құрайды.

Бұл жағдайда жайылымның ұзақтығы мүйізді ірі қара, ұзақ мүйізді малдар, жылқы және түйелер үшін максималды қар жамылғысын қалыңдызымен терендігіне және басқада факторларға байланысты.

Ескерту: аббревиатураның шешуі:

$^{\circ}\text{C}$	-	Ц е л ь с и я	к о р с е т к і ш і ;
г а	-		г е к т а р ;
м м	-		м и л и м е т р ;
с м	-		с а н т и м е т р ;
Р Ф	-	Р е с е й	Ф е д е р а ц и я с ы ;
а/о - ауылдық округ.			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК